


Адам денесіндегі ұлпалар

Адам денесіндегі ұлпалар

Орындаған: Нургалиева Жамиля

Адамның негізгі ұлпалары:

эпителий, дәнекер, бұлшық ет, жүйке



Безді эпителий

Кірпікшелер



Эпителий ұлпасы

Эпителий ұлпалары (*textus epitelialus*) ішкі, сыртқы орта шекарасында (ас қорыту жолының кілегейлі қабығы, тері сыртқабықшасы, сыртқы ортамен байланысқан түтікті және қуыс ағзалар), әрі организмнің ішкі ортасында (эндокринді жасуша) орналасады.

Эпителий ұлпасы: жабынды және безді эпителий болып екіге бөлінеді.

Жабынды эпителий ұлпасы организмді қаптап, оның ішкі ортасын қоршаған сыртқы ортадан бөліп тұрады. Эпителий ұлпасы бір-бірімен тығыз орналасқан эпителий жасушаларынан (эпителиоциттерден) құралған. Эпителий ұлпасы шекаралас борпылдақ дәнекер ұлпасынан негіздік жарғақ (базальды мембрана) оқшауланады.

ЭПИТЕЛИЙ ҰЛПАСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

✚ бір қабатты

Жасушаларының пішіндері - жалпақ, төрт бұрышты, цилиндр және т. б

✚ көп қабатты

жасушалары көп қырлы, терінің үстіңгі қабаты мен ауыз қуысы, өңештің ішкі жағын астарлайды.

бүйректің өзекшелерін іш жағынан астарлап тұрады

ЖАЛПАҚ ЭПИТЕЛИЙ

ТЕКШЕЛІ ЭПИТЕЛИЙ

СЕЗГІШ ЭПИТЕЛИЙ

КІРПІКШЕЛІ ЭПИТЕЛИЙ

ЖАСУШАЛАР ПІШІНІНЕ ҚАРАЙ 6 ТОПҚА БӨЛІНЕДІ

тітіркенуді қабылдайды, иіс сезу эпителийлері мұрын қуысында орналасқан.

тыныс жолдарындағы кірпікшелі эпителийлер шаңтозан бөлшектерін және т. б. бөгде заттарды ұстап қалады.

БЕЗДІ ЭПИТЕЛИЙ

БАҒАНА ТӨРТБҰШЫ ЭПИТЕЛИЙ


жасушалары сүт, тер, жас, сілекей, құлық бөледі. Жасушаларының пішіндері бағана және төрт бұрышты

жасушалары ұзынша, қарын мен ішектердің ішкі қабатында орналасқан.

Дәнекер ұлпасы


Дәнекер ұлпасы (textus conn-nectivus; лат. textus — ұлпа, connectivus — дәнекер) — адам мен жануарлар организмдерінің барлық мүшелері құрамына кіретін, денедегі ең көп тараған ұлпа. Дәнекер ұлпасы — мезенхимадан дамып, организмнің ішкі ортасын құрайды. Құрылысы жағынан дәнекер ұлпасы жасушалардан және жасушааралық заттан тұрады. Оның кейбір түрлерінде жасушалар басым болады, ал басқа өкілдерінде керісінше жасушааралық заттар көбірек болады. Дәнекер ұлпасының атқаратын қызметі жасушалар мен жасушааралық заттың арақатнасына тікелей байланысты. Сұйық дәнекер ұлпасы қан мен лимфада қоректік (трофикалық) және қорғаныс қызметтері басымырақ, ал жасушааралық заттары тығыз, қатты ұлпаларда (шеміршек, сүйек ұлпалары) тіректік және механикалық қызметтер жақсы жетілген.

Дәнекер ұлпа



Май ұлпасы

МАЙ ҰЛПАСЫ



Сүйек ұлпасы

СҮЙЕК ҰЛПАСЫ

Адам мен жануарлар организмдерінде құрамында дәнекер ұлпаларының элементтері кездеспейтін мүшелер болмайды. Дәнекер ұлпалары түтікше және қабатты мүшелердің қабықтары мен қабаттарын, қомақты мүшелердің паренхима бөліктерін дәнекерлеп, біріктіріп біртұтас етіп тұратын олардың стромасын құрайды, әртүрлі мүшелердегі перделіктерді, қапшықтарды, дене шандырларын, қаңқа сүйектері байламдарын, бұлшық еттер сіңірлерін, қаңқаны, организмнің сұйық ішкі ортасын түзеді. Дәнекер ұлпаларының жарақаттанғаннан кейінгі тез қалпына келу және өзгерген ортаға бейімделу қабілеттері жақсы жетілген.

Дәнекер ұлпасының 4 түрі бар

→ 1. Шеміршекті

→ 2. Сүйек

→ 3. Май

→ 4. Қан

1.Шеміршекті дәнекер ұлпа жасушалары домалақ пішінді, әр жерде топтанып тұрады. Жасушааралық заттары мөлдір болады. Омыртқалардың бірімен - бірі байланысқан жері, көмей қақпағы, кеңірдек пен құлақ қалқаны шеміршекті дәнекер ұлпасынан түзілген. Мұрынның, жіліктердің, қабырғалардың ұштары да шеміршекті ұлпа. Шеміршектер қатты болғанымен серпінділік қасиеті бар.

2. Сүйекті дәнекер ұлпа құрамында кальций тұзы бар, бірімен-бірі байланысқан сүйек тақташаларынан түзіген.

3.Борпылдақ талшықты дәнекер ұлпасының талшықтары бірімен-бірі өріліп, жасушалары тығыз орналасқан.


4.Қан - дәнекер ұлпа. Қан мен дәнекер ұлпаларының жасушалары ұқсас болғандықтан, қанды дәнекер ұлпасына жатқызады.

Бұлшық ет ұлпасы

Бұлшықет ұлпасы (textus muscularis; лат. textus — ұлпа; лат. musculus — бұлшық ет) — адам мен жануарлар организмдерінде жиырылу қызметін атқарып, қимыл-қозғалыстарды іс жүзіне асыратын ұлпа. Омыртқалы жануарлар денесінде бұлшықет ұлпасының үш түрі болады.


Бұлшықет ұлпа

- Жүрек бұлшықеті-миокард
- Тегіс біріңғай салалы бұлшықет (қуысты мүше, тамыр қабырғасы)
- Қаңқа бұлшықеттері



Бұлшықет ұлпасы - денедегі бұлшықеттерді түзеді. Бұлшықет ұлпасына тән қасиет оның - жиырылғыштығы, жиырылуы арқылы ағза мен мүшелерді қозғалысқа келтірді. Бұлшықет жасушалары ұзын, жіңішке болғандықтан оларды талшықтар деп атайды. Талшықтарында бір - бірімен қатарласа орналасқан өте көп жиырылғыш жіңішке миофибриллалар (грекше "myos" - бұлшықет, латынша Fibrilla - талшық, жіпше) болады. Бұлшықеттердің жиырылғыштық қасиеті осы миофибриллаларға байланысты.

Жүйке ұлпасы



referatka.ru
2025.04.23.14

Жүйке ұлпасы жүйке жасушаларынан түзілген. Жүйке жасушасының құрылысы: денеден қысқа өсінділер мен ұзын өсіндіден тұрады. Қысқа өсінділері көп ағашқа ұқсап тармақталғандықтан осылай атаған, ұзын өсіндісі біреу, оны аксон дейді. Ұзын өсіндісі тармақталмаған.

Жүйкенің бір жасушасында көп дендриттер мен бір ғана аксон болады.

Сыртынан жасуша қабықшасымен қапталып жүйке талшықтарын түзеді.

Жүйке жасушасын нейрон дейді.

Назарларыңызға рахмет!